

Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

Тақырыбы: Бақша дақылдарын өсіру жағдайында топырақ құнарлылығын арттырудың тиімді әдістерін негіздеу және жоғары өнімділікке қол жеткізу.

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«25» қыркүйек 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын::
Түркістан облысы, Отырар ауданы,
Қоғам ауылы, ШҚ «Ырыс»

Эксперт: Мәжес Пошанов М.Н.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы

Рамаза Рамазанова Р.Х.
қолы



Есептің құрылымы

1) *кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;*

Бақша дақылдарын өсіру жағдайында топырақ құнарлылығын арттырудың тиімді әдістерін негіздеу және жоғары өнімділікке қол жеткізу.

2) *қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;*

Қауын, қарбыз – тек жоғары өнімділік емес, сонымен қатар жоғары сапа (қанттылық) талап ететін дақыл. Топырақ құнарлылығын басқарудың келесі кешенді қадамы шаруашылықтың тұрақты табыстылығын қамтамасыз етеді.

Топырақтың ағымдағы құнарлылық картасын әзірлеу. Бұл бірінші және ең маңызды қадам – дәл егіншілікке көшудің негізі. Егіс алдындағы агрохимиялық талдау нәтижелерін қолданыңыз. Әсіресе азот, фосфор және калий элементтерінің әр гектарға нақты тапшылығын анықтау қажет. Осы деректерге сүйеніп электронды құнарлылық картасын жасақтау арқылы сіз тыңайтқыштарды бүкіл учаскеге біркелкі емес, тек жетіспейтін жерлерге ғана дәл мөлшерде енгізесіз. Бұл шығынды 15%–25% дейін азайтады және экологиялық жүктемені төмендетеді.

Фазалық қоректену жүйесін оңтайландыру. Қауынды немесе қарбызды қашан және қалай қоректендіру керектігін нақты білу – жоғары сапалы өнім алудың кепілі. Қауынның гүлденуден бастап жеміс салу кезеңіне дейін калийге деген сұранысы ең жоғары болады. Себебі калий қант жинауға, су режимін реттеуге және сақтау мерзімін ұзартуға тікелей әсер етеді.

Тыңайтқыштарды берудің тиімді мерзімдері мен нормаларын нақты есептеп, оны шаруашылықтың жұмыс кестесіне енгізіңіз. Мысалы, азотты ерте кезеңде, ал калий мен фосфорды өсудің екінші жартысында беруді міндеттеу.

Ең тиімді жетіспейтін элементтерді түзету әдістерін ұсыну. Кейде қоректік заттарды топырақ арқылы беру жеткіліксіз немесе тым баяу болады. Бұл үшін жылдам әрекет ету қажет. Талдау нәтижесінде анықталған ең көп жетіспейтін элементтерді (мысалы, калий, магний, бор) жапырақ арқылы үстеп қоректендіру арқылы жылдам толтырудың практикалық схемаларын енгізу қажет.

Бұл әдіс қоректік тапшылықтың көзбен көрінетін белгілерін (жапырақтардың сарғаюы, дақты болуы) жоюға мүмкіндік береді және өнім сапасының күрт төмендеуінен сақтайды.

Бақша дақылдары – топырақтың жақсы ауа алмасуын қажет етеді. Тығыз топырақ тамырдың дамуына кедергі келтіреді.

3) *өнім өндірісінің ұлғаюының/өнімділіктің жоғарылауының/өзіндік құнның төмендеуінің және т. б.сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;*

Топырақтың су өткізгіштігін және ауа алмасуын жақсарту мақсатында күзде немесе көктемде сидерацияны (мысалы, сұлы, қара бидай) енгізуді ұсынамыз. Бұл топырақты қопсытады және органикалық затпен байытады. Компост немесе жақсы шіріген көң сияқты органикалық тыңайтқыштарды

қолданудың қарапайым және шаруашылыққа тиімді әдістерін (мысалы, қатарға локалды енгізу) енгізіңіз.

Жаңа жүйелерді қолданудың нәтижесінде алынған қосымша өнімнің (тонна) мөлшерін есептеңіз. Осы қосымша табысты тыңайтқыш шығындарымен салыстыру арқылы таза экономикалық пайданы анықтаңыз.

Шаруашылыққа жаңа технологияның ұзақ мерзімді тиімділігін және оның салыстырмалы артықшылығын нақты цифрлармен және экономикалық есептеулермен дәлелдеу. Бұл олардың шешім қабылдауы үшін ең маңызды фактор болып табылады.

4) Кеңес беруден фотосуреттер

5)

